



SARGAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sargan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №9 (9563) 1 наурыз 2024 ж.

Президент тапсырмасы:



•Қазіргі өндіріс орындарын түбегейлі жаңғырту мәселесі маңызды. Бұл жұмысты, ең алдымен, әбден тозған металлургия комбинаттарынан бастау керек. Өндірісті дамытуға және жаңғыртуға қажетті инвестиция салынбағандықтан дайын өнімнің қосылған құны төмендейді, сапалы жұмыс орындары азаяды.



•Қазір құрылыс саласында бірнеше ақпараттық жүйе бар. Осындай тәсілдер арқылы бөлінген қаражаттың мақсатқа сай жұмсалуды қамтамасыз ету қажет, яғни барынша ашық және қатаң бақылау болуға тиіс. Себебі, қаржының ұрлануы, ең алдымен, құрылыстың сапасына әсер етеді және бюджетке қосымша салмақ салады.



•Бүгінде цифрлық валютаны қолдануға қатысты пилоттық жобалар тиімді жүзеге асырылып жатыр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне Үкіметпен және Ұлттық банкпен бірлесіп, осындай жобалардың ауқымын кеңейтуді, оның ішінде құрылыс саласына барынша енгізуді тапсырамын.



•Еліміздегі өндірістің дамуына тың серпін беру қажет. Баршаға түсінікті және тиімді индустрия саясатын жүргізу үшін былтыр жеке министрлік құрылды. Содан бері біраз уақыт өтті, енді жұмыстың нәтижесін көрсету керек.

Денсаулық

КӨМЕК КӨРСЕТУ АЯСЫ КЕҢЕЙДІ

Бүйректің созылмалы жеткіліксіздігі ауруына шалдыққан адамдардың қанын тазалап, қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін орталықтың қажеттілігі жылдар бойы осындай емге зәру адамдардың көкейінде жүрген болатын. Жуырда көпшілік тілегі жүзеге асып, Сарқан аудандық ауруханасының медициналық көмек көрсету аясы кеңейді. Сарқан ауданында «Apple Clinic» ЖШС – нің бастамасымен, аудан әкімдігінің және аурухана басшылығының қолдауымен гемодиализ орталығы ашылды.



Туған жерге туын тігіп, көптің көкейінде жүрген гемодиализ орталығының ашылуына демеу болған осы ауданның Қарауылтөбе ауылының тумасы, меценат Доланбаев Азамат Өмірсерікұлының осы мақсатқа 60 млн. теңге бөлгенін айтып өткен жөн. Денсаулық орнының ашылуына орай жиналған аудан тұрғындарының өкілдерін өңір басшысы Ғалымжан Маманбаев құттықтап, елжанды азаматқа алғысын білдіріп, үлкен анасы Өзікен апа Қозыкеноваға жаңа орталықтың лентасын киюді ұсынды.



- Осы уақытқа дейін ауданның бүйрек

созылмалы аурулары бар азаматтары Талдықорған қаласына аптасына 3 рет барып, ем алып келетін. Денсаулық мәселесіне қоса ұзақ жол жүру науқас үшін қолайсыздық тудыратыны анық. Адам өмірі ең қымбат құндылығымыз

және ол ешқандай ақшамен өлшенбейді. Осы тұрғыда Азамат бауырымыздың игі ісіне алғыс білдіремін,- деді Ғалымжан Қанатұлы.

Орталық бір уақытта 4 науқасты қабылдай алады. Ем қабылдау процесі аптасына 3 рет жүргізілсе, бір сеансқа 4 сағат жұмсалады. Бүгінгі күнге Сарқан ауданынан бөлек Ақсу және Алакөл аудандарының жақын аймақтарының науқастарын қоса алғанда 10 азамат ем алуда.

Науқастарға Алматы қаласының "Bios" клиникалық базасынан арнайы білім алған білікті дәрігерлер Олжас Байжанов пен Мұрат Бөлегенов арнайы көмек көрсетуде.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Мерзімді әскери қызметке шақыру

Жүйелі жұмыс нақты нәтижеге жеткізеді



Осы аптада аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің мәжіліс залында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыру жұмыстарын ұйымдастыру мәселелерін арқау еткен жиын өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов төрағалық жасап, аталмыш мәселенің маңыздылығын атап өтті. Басқосуда негізгі баяндаманы аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, подполковник Талғат Әлсейітов жасап, өткен жылғы күзгі мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақырудың қорытындысымен бөлісті.

Баяндамашының сөзіне сүйенсек 2023 жылы ауданымыздан Қазақстан Республикасы Қарулы күштеріне 52 адам жіберіп, мемлекеттік тапсырыс 100%-ға орындаған. Сондай-ақ Талғат Амантайұлы кемшіліктерге жол берген ауылдық округтерді атап өтіп, шақыру жұмыстарын уақытылы және сапалы орындауға кедергі

бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Әділмұрат Байзолда, аудандық орталық аурухана директорының орынбасары Біржан Уақанов, Черкасск ауылдық округінің әкімі Мақсат Айтжанов, Бақалы ауылдық округінің әкімі Әсет Қанапиянов талқыға салынып отырған мәселе бойынша өз ойларын ортаға салды.

Жиынды қорытындылаған Алмас Ажарханұлы мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыру ісінде жақсы нәтиже көрсеткен бірқатар тұлғаларды марапаттап, бірлесе жедел ері сапалы жұмыс жасауға үндеді.

Өз тілшіміз.

болып отырған мәселелерді де ашып айтты. Ағымдағы жылдың 1 наурыз күні алғашқы әскерге жөнелту болатындығын жеткізген Талғат Амантайұлы биылғы мерзімді әскери қызметке шақыру ісін ұйымдастыруда мүдделі тараптармен ынтымақты жұмыс жасайтындықтарына сенім білдірді. Жиында сөз алған аудандық полиция





Жуырда Сарқан көпсалалы колледжінің қабырғасында аудандық Аналар кеңесінің бастамасымен және аудан әкімдігінің қолдауымен «Отбасындағы және мектептегі медиация» атауымен облыстық семинар өтті. Аталмыш басқосудың басты мақсаты отбасындағы құндылықтарды насихаттау, қазақстандық патриотизмді, толеранттылықты және этносаралық келісімді, ұрпақтар сабақтастығын, ұлттық дәстүрлерді сақтау.

Облыстық аналар кеңесінің және 2 қалалық, 7 аудандық аналар кеңесінің төрайымдары, кәсіби медиаторлар, мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, ата-аналар комитетінің төрағалары, мектеп психологтары, жастар қатысқан келелі кездесуді Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Алмас Байғунысов кіріспе сөзбен ашып, қазақ

Медиация – маңызды іс

халқы қашанда отбасындағы береке мен бірлікке баса мән бергендігін, келешекте де осы үрдіс сақталатындығына сенім білдірді.

Жиында негізгі баяндаманы Сарқан ауданының құрметті азаматы, аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Күлшарбан Қалиева жасап, өңіріміздегі медиация саласы бойынша нақты мәліметтерімен бөлісті. Қоғам кеселі – ажырасудың негізгі себептерін тарқатып, оның алдын алудағы медиация маңыздылығын атап өткен Күлшарбан Мырзабайқызы осы бағытта қолға алынып жатқан іс-шараларға тоқталды. Ал Сарқан аудандық соты төрағасының міндетін атқарушы Абдулла Досанов аталмыш жиынның қазіргі таңдағы маңыздылығын, медиация институтының барлық жерде қажеттілікке айнала бастағандығын атай келе кәсіби медиатор Күлшарбан Мырзабайқызына



жемісті жұмысы үшін сый-сияпат көрсетті. Сондай-ақ семинарда медиация бағытында ауқымды жұмыстар атқарып жүрген аудандық Аналар кеңесінің белсенді мүшесі, Сарқан политехникалық колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Анаргүл

Өмірбекова, Бақалы ауылдық Аналар кеңесінің төрайымы Уаш Тілемисова жасөспірімдер тәрбиесіндегі ұлттық тәрбие, отбасылық құндылықтар турасында өз ойларымен бөлісті.

Тақырып аясында заң ғылымдарының кандидаты, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті құқық және экономика жоғары мектебінің оқытушысы-дәріскері, кәсіби медиатор Бақыт Чингаева сөз алып, медиативтік келісімшарт негізінде аяқталған істерді айтар ойына арқау етті. Медиатордың айтуынша ел көлемінде 2022 жылы 56 мың, былтыр 66 мың азаматтық іс медиация бойынша сотқа жетпей өз шешімін тапқан көрінеді. Бақыт Кенесарықызы қатысушы білімгерлерді тарта отырып тренинг өткізді.

Тағылымды жиынды «Құрмет» орденінің иегері, Алматы облысының құрметті азаматы, облыстық Аналар кеңесінің төрайымы Жамал Баймадиева қорытындылап, қатысушыларға алғысын білдірді.

Сан түрлі сипаттағы жан-жалдарды реттеу тұрғысында сөзсіз м е д и а ц и я н ы ң үлкен болашағы бар деуге толық негіз бар. Өзінің табиғаты бойынша ол жариялылыққа жатпайтын, көбіне құпиялылық сипатқа ие болғандықтан медиация көп жағдайда жұртшылыққа беймәлім.

Бірақ оның рөлі өте маңызды және уақыт өткен сайын үнемі арта беретін болады.

П.ЖЕҢІСХАН.

Ауылшаруашылығы



Атакәсіпке ағалдық

Ел ризығын еселеуде мал шаруашылығының атқарар рөлі зор. Себебі, төрт түлік өнімі халықты азықпен ғана емес, ауыл шаруашылық өндірісін күш-көлікпен және табиғи тыңайтқышпен қамтамасыз етеді. Тарих беттерін парақтасақ, мал шаруашылығының осыдан ондаған мың жыл бұрын пайда болғанын аңғарамыз. Ал ғалымдардың зерттеуі қазақ жеріндегі мал шаруашылығы қола дәуірінен бастау алады дейді. Бұған археологиялық қазбалар мен көшіп-қонып жүрген жұрттың атақонысы дәлел бола алады. Сондай-ақ 1743 жылы Қалдан Серен қолынан Абылай ханды босатуға барған қаз дауысты Қазыбек бидің «Біз мал баққан елміз...» толғауы да аталған шаруашылықтың атакәсіп екенін айғақтайды. Демек қазақ елі үшін қой бағып, жылқы асырау жат емес, ата-бабадан жалғасып келе жатқан үрдіс.

Берлітөбе өңірінде атап айтқанда Лепсі ауылында сол атакәсіпті өркендетіп отырған шаруашылықтардың бірі «Ауғанбаев» қожалығы. 2004 жылы құрылып, кәсібін бастаған шаруашылық бұл күнде сол өңірдің іргелі қожалығының бірі саналады. Шаруашылық басшысы Бақытжан Амангелдіұлының негізгі мамандығы теміржол экономисі. Бар ғұмырын шойынжол саласымен байланыстырған әкесі Амангелдінің ізін жалғап, теміржол оқуын оқыса да жүрек қалауы атакәсіпті өркендету болыпты.

- 2004 жылы төрт түлік малды өрбітіп, атакәсіпті жаңғыртамын деген оймен шаруашылық құрдық. 2 ауқымды мал қора-қопсымыз, 3000 гектар жеріміз бар. Басқа төрт түлікпен қатар неге түйе есірмеске деген ой келді. Өз атам Қабдолда түйе бағып асыраған. Содан аз-аздан басталған ісіміз оңға басып, қазір шаруашылықта 120 бас түйе бар. Болашақта жылқы сауып қымыз өндірсек, түйе сауып одан шұбат алып халықты табиғи таза өніммен қамтысақ деген ой бар, -дейді Бақытжан Ауғанбаев.

Сонымен қатар кәсіпкер Лепсі ауылындағы кеңестік кезеңнен қалған бұрынғы СПТУ ғимаратын сатып алып, 100 бас бұқа, 100 бас жылқы бордақылайтын алаң ашу ойы барлығын да жеткізді. Ол бүгінге дейін 5 отбасын тұрақты жұмыспен қамтып, барлық қажетті жағдайын жасап отыр.

Мал қоралары біріншісі Көктерек ауылының тұсында, екіншісі Арғанаты разьездінің бойында орналасқан. Бағымындағы сиырлары әулиекөл тұқымды, жылқы болса қазақи, түйе қос өркешті. Алғаш шаруашылық құрғанда Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш қаласынан гиссар тұқымды 10 қозының біреуін 200 мыңнан сатып алған. Қазіргі таңда қой басы еселеніп келеді.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Жемқорлық індет оны жою міндет

Сыбайлас жемқорлық бүгін немесе кеше пайда болған құбылыс емес, кез келген қоғамды ішінен үңгітін кесел, барлық мемлекеттерге тән және тамырын тереңнен тартқан құбылыс.

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп – өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын тереңге жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдердің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене ат салысуына байланысты. Әлеуметтік желінің, өзге де бұқаралық ақпараттық құралдарының дамуы жағдайында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет барысында оны жалпы жұртшылықтың жек көруі сыбайлас жемқорлықпен күрестің қуатты құралына айналуына тиіс.

Ұлттық паркімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаны іске асыру барысында іс-шаралар жоспары бекітіліп, орындалуда. Бұл бағыттағы жұмыстар, яғни жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру жолдарын талқыға салатын дөңгелек үстелдер, ұжымдық жиындар жиі өткізіліп тұрады. Осындай іс-шаралар ұйымдастыру барысында материалдар жинақтап, баяндамалар дайындап, жемқорлықтың зардабы мен зияны жөніндегі тыңдаушыларға кеңінен жеткізу басты мақсат болып табылады. Қазақта «көп қорқытады, терең батырады» деген сөз бар. Көп болып қолға алатын болсақ, бұл кеселді әбден ауыздықтауға болады. Осы орайда барлық азаматтық, қоғамдық ұйымдар басымдық танытып, барша халық белсенділік танытуы қажет.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек. Қандай да болмасын адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы тек құқық қорғау органдары. Бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып, парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Б.САҒЫНҒАЛИЕВА,
«Жоңғар Алатауы» МҰТП ғылым бөлімінің басшысы.

Денсаулық

Кто может платить взносы на ОСМС за год вперед?

Оплачивать взносы на ОСМС за 12 месяцев вперед для приобретения статуса «Застрахован» могут только самостоятельные плательщики.

Кто такие самостоятельные плательщики?

Самостоятельные плательщики это те, кто официально не работает и не является индивидуальным предпринимателем.

Сколько нужно платить за год вперед?

В 2024 году сумма взносов на ОСМС за один месяц для самостоятельного плательщика составляет 4 250 тенге, за 12 месяцев это 51 000 тенге.

Как нужно оплачивать взносы на ОСМС в качестве самостоятельного плательщика?

Платить взносы нужно начиная с текущего месяца. Если сейчас текущий месяц февраль 2024 года, то оплачивать взносы нужно за период с февраля 2024 года по январь 2025 года. Важно помнить, что оплачивать взносы нужно по отдельности за каждый месяц (по 4250 тенге). Взносы можно оплатить в любом банке,

АО «Казпочта», через терминалы оплаты или мобильные приложения банков второго уровня.

Через какое время присвоится статус застрахованности в ОСМС?

Статус застрахованности присвоится в течение 3-х рабочих дней, если все условия соблюдены:

- оплачены 12 будущих месяцев (начиная с текущего)
- оплату всех 12 платежей сделали в один день

Если при наличии статуса «Застрахован» возникают вопросы или проблемы с получением медицинской помощи в поликлинике можно незамедлительно обратиться в службу поддержки пациентов (есть в каждой поликлинике) или в филиал Фонда социального медицинского страхования по области Жетісу по номерам +7 7282 55 90 06, 55 90 07, 55 90 13.

Филиал по области Жетісу НАО «Фонд социального медицинского страхования».



15 жеңілдік санатына кіретіндер үшін жарналарды мемлекет төлейді

**2024 жылы бір адамға айына 5852,63 теңге төленеді*



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 74-бабының 2-тармағына сәйкес, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға өтініш білдірген, Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары және халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтары және мемлекеттік қызметкерлер мен әскери және бюджеттік қызметтегі азаматтар «Сарқан аудандық тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне келіп құжаттарын қайта жаңартып өткізулерін сұраймыз.

Мекен жайымыз: Сарқан қаласы Тынышбаев көшесі №8 а, 1 қабат, 3 каб. Тел-21873, қабылдау мерзімі 2024 жылғы сәуір айының 29-на дейін.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Согласно пункту 2 статьи 74 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях» ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Сарканского района» в связи с ежегодным проведением инвентаризации списков очередности граждан Республики Казахстан, состоящих на учете нуждающихся в жилище из коммунального жилищного фонда, для уточнения предоставленных данных, Вам следует обновить документы.

Обратиться по адресу: г.Сарқан, улица Тынышбаева, дом № 8 а, 1 этаж, 3 кабинет тел.: 21873, прием документы до 29 апреля 2024 года.

«Мемлекеттік қызметтер» жәрмеңкесі

Ағымдағы жылдың 19 ақпан күні Сарқан қаласы әкімі аппаратында мемлекеттік қызметтің сапасын дамыту мақсатында, ауыл тұрғындарына электрондық мемлекеттік қызметтерді насихаттау, түсіндіру бойынша «Мемлекеттік қызметтер» жәрмеңкесі өткізіліп, әлеуметтік желілерге жарияланды. Шара барысында тұрғындарға мемлекеттік қызметтер eGov мобильді қосымшасы, eGovKzBot2.0 Telegram боты және Egov.kz электронды үкімет порталы арқылы онлайн режимде қолжетімді екендігі түсіндіріліп, 20 адамға кеңестер берілді.

Т. ӘСКЕРБЕК,

"Сарқан қаласы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы.



Ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің назарына!

«Сарқан аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі ауданның тауар өндірушілеріне Қазақстан Республикасы Жер кодексінің барлық ережелерін сақтауды және ұстануды сұрайды.

Жер учаскесін мемлекеттік жер қорынан уақытша пайдалануға алған кезде алынған учаскені пайдаланушы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер кодексінің барлық талаптарын сақтауға міндетті.

Әсіресе, 65-бап Жер учаскелері иелерінің және жер пайдаланушылардың жер учаскелерін пайдалану жөніндегі міндеттері 1-тармақ 1-ден 13-тармақшалар, 2, 3, 4-тармақтар: ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану жердің құнарлылығын сақтау және арттыру, егістіктер/жайылымдар тарихы кітабын (кітап тарихы) қалыптастыру, негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының (қант қызылшасы, майлы және дөңді дақылдар) өнімділігінің белгілі бір деңгейін ұстап тұру және арттыру, ауыспалы егісті сақтау, арам және ағаш-бұта жерлерінің өсіп кетуіне жол бермеу.

Жер заңнамасы нормаларының талаптарын сақталмаған жағдайда берілген жер учаскелері Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жер пайдаланушылардан алынатын болады.

Ғ. БАТЫРБЕКОВА,

«Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

К сведению сельхозтоваропроизводителям!

ГУ «Сарканский районный отдел сельского хозяйства и земельных отношений» просит товаропроизводителей района соблюдать и придерживаться всех правил Земельного Кодекса Республики Казахстан.

При получении земельного участка из государственного земельного фонда во временное пользование, пользователь полученного участка обязан соблюдать все требования Земельного кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года № 442.

В особенности, статья 65. Обязанности собственников земельных участков и землепользователей по использованию земельных участков пункт 1 подпункты от 1 до 13, пункты 2, 3, 4: Рациональное использование земель сельскохозяйственного назначения поддержание и повышение плодородия земель, формирование книги истории полей/пастбища, поддержание и повышение определенного уровня урожайности основных сельскохозяйственных культур (сахарная свекла, масличные и зерновые культуры), соблюдение севооборота, недопущение зарастания земель сорной и древесно-кустарниковой растительностью, а также захлывания бытовыми и производственными отходами, недопущение сжигания пожнивных остатков и побочных продуктов сельскохозяйственных культур на обрабатываемых участках земель сельскохозяйственного назначения.

В случае выявления не соблюдения требований норм Земельного законодательства, предоставленные земельные участки будут изыматься у землепользователей согласно Земельному Кодексу Республики Казахстан.

Г.БАТЫРБЕКОВА,

главный специалист ГУ «Сарканский районный отдел сельского хозяйства и земельных отношений».

Өксікпен өткен ғұмыр

(Соңы. Басы өткен нөмірлерде).

Әкем сберкассаға облигациясын айырбастап немесе тексертіп алуға кетті. Бір кезде жерден жеті қоян тапқандай қуанып жетті. «Жарығым, жолың болады екен! Ақша ұттық!» деп. Билет алдық. Жүз елу сомды жеке жанқалтама салып, азын-аулақ ақшаны жол-ырысқұтыңа деп қолыма ұстатты.

Анамның плюш пальтосы мен өзімнің киіп жүрген сұр пальтомды тастап кеткем. Жаздыкүні болған соң тоңбасын деп жеңіл-желпі жолға шықтым.

Қайда бара жатырмын? Қайда баратынымды да анық білмеймін. Әкем айтқан Матай стансасында Қабжан тұрады, ал Лепсі стансасында Сәкен бар деп. Ол кісі біз Саратовта тұрғанда бірінші әйелімен келіп, біздің үйде біраз қонақ болғаны бар-тын. Туған-туысқандардың бірі тұтқындалып, енді бірі жер аударылып жатқан кезде анамыз әкемнің артынан этаппен Әзия екеуімізді ғана алып кеткен еді. Ал София деген асыранды қызды соларға тастаған болатын. Олардың өз балалары жоқ-ты. Бірақ кейін олар Софияны балалар үйіне өткізіп жіберіпті.

1944 жылы әкем отбасымен Лепсіге арнайы шақыртумен көшіп келді. Сол кезде Софияны іздеді. Бірақ таба алмады. Әкем Елена Владимировнаны ерте келген-ді. Бірақ Тілеулі ата мен басқа да үлкен ақсақалдар бұл әйелді кейін қайтаруға ұйғарым шығарып, әкемді көндірді. Жол қаражатын, тамағын беріп, ың-шыңсыз шығарып салдық.

Кейін біз Лепсіде тұрып жатқанда одан хат келді. Бізге таяу маңда тұрғысы келетінін жазыпты. Үштөбеге келмек болған сыңайлы. Мен оған жауап жазбадым. Себебі оған өкпелеп қалған едім.

Сонымен Матай стансасына табан тіредім. Кешкі сегіз-тоғыз шамасы. Ешкімді танымаймын. Кездескен біреуден «Қабжан Мұхаметжанов қайда тұрады?» деп сұрадым. Үйінің қай тұста екенін көрсетті. Айнала бұйрат-бұйрат құм. Қызыл шағыл аяқ бастырмайды. Сөйтіп теміржолшының жатағын таптым. Орыс па, неміс пе ұлтын ажырата алмадым, бір әйел қарсы шықты.

«Қабжан, осы үйде тұра ма? деп сұрап едім, ол:

«Сен кімсің?»-деді.

«Аталас ағасының қызымын, қарындасы болып келемін,-деп сосын ата-анамның кімдер екенін айттым.

«Ол қарындасым бар деп айтқан емес,-деді мені жақтырмай. Оған оңайшылықпен беріле қоятын мен емес:

«Сіз оған қоңырау шалыңыз,-дедім. Ол қоңырау шалып:

«Костя, мында бір қыз келіп сенің қарындасыңмын деп тұр,-деді.

Көп ұзамай Қабжан да жетті арсалаңдап. Қуанышында шек жоқ. Келе сала мені құшақтап, бетімнен сүйіп, мәре-сәре болды. Осыдан соң ғана маған әлгі әйел үйге кір деп ыңғай танытты. Дастархан жайып, шәй берді. Өбден шөлім қанғанша іштім. Жолды көтере алмай ауырып қалдым. Содан соң үйде үш күн жаттым. Кішкене сауықсам, Лепсіге кететінімді айтып қоямын. Қабжанның әйелі:

«Қолыңнан қандай іс келеді? Арнайы білімің жоқ. Осында тұра бер,-деді. Шынымды айтсам, ол үйде тұра алмас едім. «Отырсаң опак, тұрсаң сопақ» демекші, ары жүрме, бері жүрме деп ана қатын мені аңдумен күні өтті. Олардың үш-төрт жасар Грета деген қыздары бар еді. Әйелдің ойы: мен соған қарап, арасында үй шаруасын да істесе деген сияқты. Ертең бәрібір кететінімді айттым. Сенекке төсек сап берді. Төптімді төсек астына қойып, көйлегімді ілдім. Таңертең тұрсам көйлегім ілулі тұр, төптім жоқ. Шабданға салған жүз елу сом да қолды

Сәуле Базарбайқызы Майшинованың естелігінен

болды. Елена Владимировна берген ақ нәскей де ұрланған. Көз жасым көл болды. Қабжанға айттым, сенің қатының ғана алды, одан басқа кім алады деп. Ол әйелін жақтап шықты. Оның ондайы жоқ деп. Жолға билет алып берді. Әйелінің аты Зина еді, оған бір төптімді берсеңші деп еді, ол «бұл қыздың аяғына сыймайды» деп бермей қойды. Бұрышта төрт-бес пар жатқан еді, аяғыма да киіп көрдім, шап-шақ, бірақ ана қатын қасарысып бермеді. Содан Қабжан өзінің аяғындағы қырықыншы размер сандалын шешіп берді. Газетті бес-алты қабат қылып аяққа орап, киіп алдым да сапарыма шықтым.

Жан адамын танымайтын Лепсі стансасына да жеттім. Бар білетінім, әкемнің туысы Сәкен ағаның осында тұратыны ғана. Екі ара қырық минуттық жол екен. Кешкі он-он бірлер шамасы, вокзалға кірдім. Іші қап-қараңғы. Пештің түбіне барып арқамды сүйеп тұрдым. Менімен бірге түскен бір әйел анадай жерге барып отырды. Бір қария кіріп келді де әлгі әйелді бас салып құшақтап жатты. Сөйтсе ол ауруханадан шығып келе жатқан көрінеді. Олар бір-бірін жетектеп шығып кетті. Сол кезде өзімнің жалғыз қалғанымды біліп, «аталап» сондарынан тұра жүгірдім. Олар кідіріп мені тосып алды. «Ата, мен Базарбайдың қызымын»,-дедім. Ол бетіме қарап: «Зейнептің баласымысың?» деп сұрады. Сосын бауырына басып, маңдайымнан сүйді. Өздерімен бірге ерте кетті. Жолай «Ата, Сәкен аға қайда тұрады?» десем, «Ол әскерде, фронтта жүр. Мен сені Айтжамалға апарайын», -деп өз үйіне ерткізіп келмеді.

Бұл кісілер жетінші кварталда тұрады екен. Сусылдаған құм аяғыма толып кетті. Жүре алмаған соң, салпылдағымды шешіп алып, туыстарымның үйіне жалаңаяқ тарттым.

Әкем айтып еді, сол өңірдегі елге: «мен Базарбайдың қызымын десең бәрі біледі, сені қарсы алады» деп. Айтжамал тұратын тоқал тамның да тұсына келдік. Ата: «Рәбиға, Айтжамал, Сәуле келді!» деп айғайлады. Олар далаға атып шықты. Көрісіп, беттерімізден сүйіскен соң үйге кірдік. Қолма-қол самауыр қойылды. Рәбиғаның сауын сиыры бар екен. Сүт толы құты дастарханға жайғасты. Бар мәзірлерін аяған жоқ. Астыма көрпе салып, ханшайымша төрге шығарып күтіп-ақ жатыр. Аузыма салған түйірімді жұта алмадым. Тамағыма өксік кептеліп, егіліп тұрып жыладым. Басымнан өткеннің барлығын айтып, шерімді тарқаттым.

Ертеңгісін Айтжамал аяғындағы төптім шешіп маған берді де өзі мен киіп келген сандалды аяғына ілді. Керегетастағы туыстарымызға ертіп апарды. Артынан естідім, анамның әпкесі Өрік осында келіп, Тынышбектің үйінде қонақта болыпты. Оның әйелінің есімі Роза еді. Тынышбек кейін Алматыда Орталық комитетте қызмет істеді. Ол соғыстан жаралы болып оралған екен.

Өрік апа мені Үшаралға алып барды. Ол кісінің екі ұлы майдан даласында қаза тауыпты. Ал үлкен баласы Абай осындағы ауыл шаруашылығы басқармасында бас бухгалтер екен. Оның әпкесі Зейнеп өзімен бірге тұратын көрінеді. Зейнепті Сталин атындағы колхозға мұғалім ретінде жолдамамен жіберіпті. Сонда барып қонақ болып қайттық. Ол менің көйлегіме қызығып, біреуін сұрады. Өзімдегі бар болғаны екі көйлек қана, қайтып берем, бере алмадым. Біраз болған соң Лепсіге

қайтатынымды айттым. Абай мені жүк көлігіне отырғызды. Молдау етіп картоп және ұн салып берді. Артынша Әбітай келді. Әкелген сарқыттың біразын үйге тастап, қалғанын сатты. Маған қара төпли алып берді. Мен оны Айтжамалға тарту еттім.

Бос жүруге болмады. Жұмыс іздеуге шықтым. Мені Райздравқа есеп-қисап түгендейтін хатшы қылып алды. Ауруханалардан түскен есепті жинақтап, ары облыс орталығына жөнелтетін жұмыс екен. Бір жетідей жұмыс істедім. Аяқасты мені Райисполкомға шақырды. Олар мені поселкелік советке хатшы ретінде жібермекші екен. Қолыма жолдама ұстатты. Жұмыстағы басшым Иманбековаға келіп, есеп айырыстым. Ол мені сөге бастады. Жаны ашып жұмысқа алғанын айтып, жақсылықты түсінбеген ақылсыздығымды бетіме басты.

Сөйтіп жылап жүріп поселкелік советке хатшы болып бардым. Мен түсінбейтін шаруалар көп екен. Жұмыс бастан асады. Нан карточкаларын куәландыру, анықтамалар жазу, салық жинау, тексерулер толтыру сияқты қыруар жұмысқа тап болдым. Ара-арасында көз жасты сығымдап алуға да тура келді. Бір ай өткен соң, бәріне төселіп алдым.

Қыс пен күз кезінде үйінде түйесі бар әйелдер жусан, құрай дайындауға тауға шығады. Кешке қарай селолық совет кеңсесі қасына жиналады. Сол жерден әр мекемеге бір-бір түйеден таратып бересің, бұл жұмыстың да өзіндік қызығы бар-тын. Аяқ-қолың тыным таппай, кешке дейін зыр жүгіресің. Аш-жалаңаш жүрсек те көңіліміз пәс болған емес.

1944 жылы мені қайтадан Райисполкомға шақыртып алды. «Гособеспечения» бөлімінің аға инспекторы етіп тағайындады. Бұл жерде көбіне күйеулері соғыста қаза тапқан жесірлер мен азаматтары майданда жүрген әйелдер еді. Олардың хал-жағдайларын тексеріп, көмек көрсетуің керек. Өрқайсысына үш жүз сомнан артық қаржы беруге болмайды. Ал базардағы нан бағасы бес жүз сом болып, шырқап тұрған кез. «Плиточный чай» бес жүз сом. Солдат жейделері жеті-сегіз жүз сом. Шалбары мың сом. Шашың шақ келмейді.

Қалай дегенмен де жұрт ештеңеден жалтармады. Майданға көмек үшін қолда барын аямады. Ақша десе ақшалай, кейбірі нәскей тоқып үлес қосты. Жеміс-жидек өте қат. Бір тал алманы бес сомға сатып алғаным әлі есімде.

Үйінде сиыр ұстағандар малын өздері жататын жайдың бір бөлмесіне қамауға мәжбүр болды. Себебі, ұрлық та өршіп тұрды. Көбісінің шиеттей бес-алты баласы бар еді. Поссоветте істеп жүргенде бейсауат жүрген балаларды ұстайтынбыз. Он екі-он үш жасар балаларды ФЗОға жіберетінбіз. Сондай нұсқау болды.

1944 жылы әкемді райполком арқылы осында шақыртып алу орайы келді. Оны ұйымдастырған аталас ағайыны Рамазан деген кісі еді. Ол жоғары теңізші оқуын бітірген алысқа жүзетін үлкен кеме капитаны еді. Қараша айында ол отбасымен бірге Лепсіге келді. Туған елдің топырағын басып, суын ішу бір ғанибет қой. Ағайын-туған шұрқыраса жүздесіп, бір мәре-сәре болып қалды. Стансаның бір пұшпағынан уақытша тұра тұратын бір жер кепе табыла кетті. Әзия мен Розаны ертіп әкем де жетті. Ол кезде Елена Владимировна әкемнің әйелі еді. 1942-1944 жылдары олар бір отбасы болып



бірге тұрды.

Келген бетте әкем промкомбинаттың басшысының орынбасары болып орналасты. Одан кейін райисполкомға ауыстырып, жоспарлау бөлімінің бастығы етіп тағайындады. Лена төтей өзара уағдаласу бойынша Украинадағы жоғалып кетіп табылған қызына кетті. Әкем тағы бойдақ болды. Бауырында бір қызы бар Алтынсара деген әйелге үйлендірдік. Бірге тұрып жаттық. Сонымен әкемнің жұмысы бар, Әзия да жұмысқа тұрды. Менің бұрыннан жұмысым бар. Үйде тек қана Алтынсара мен оның қызы, сосын Роза ғана қалатын-ды.

Өгей шешеміздің сиыры бар еді. Шәйға қататын сүтке зәру емеспіз. Дегенмен кедейшілік бізден кетпеді. Бір жетіспеушілік қыр соңымыздан қалмады. Сол кездегі байқағаным, туған мен тумаған дегеннің қандай екені. Қалай болса да өгей шешеміз бізді бөліп отыратын. Әкем де қатты налып жүрді, елге келгеніне. Өзінің тері шалбар киіп жүргеніне қатты намыстанды. Бұндай қорлықты көргенше өліп қалғаны жақсы еді, ол үшін. Кешегі дүрілдеген Базарбайдың түрі мынау ма деп жұрт күлетін болды деп қатты қайғырып жүрді.

Райисполкомда біраз қызмет істеген соң, мал айдаушы болып ауысып кетті. Матайдан Құрақсуға мал айдайтын-ды. Әкемнің бойында малшылыққа үйір қасиет жоқ еді. Оны көрінген жалақ шабан алдап кете алатын-ды. Әкем жаңа отбасымен Құрақсуға көшті де Әзия екеуіміз Лепсіде қалдық. Күні бойы жұмыстамыз, кешкісін "умашкөже" жасап ішеміз. Бұл бір уыс ұнды сумен араластырып, қайнаған суға тастап қайнататын тамақтың түрі. Оның үстіне бар болса, бір қасық сұйық май немесе тоң май қосасың. Жоқ болса, бір кесе сүт құюға да болады. Дәмді тамақ, соғыс кезінде соған тойып алып, төтті ұйқының құшағына кететінбіз.

Матай стансасынан Құрақсудағы әкемізге жиі қатынап тұрдық. Көбіне түйеге мініп барушы едік. Түйенің тез жүргені жақсы ғой. Оны кейде желдіртіп, кейде тайрандата шаптыратынбыз. Ол жақтан малдың, құстың етін, қатық алып қайтушы едік. Бұл да болса бізге талайға дейін азық қой. Өкінішке орай әкем ол жерде бір жылдай ғана жұмыс істеді. Аяқ асты мал қырылып, соның бәрін әкемнің мойнына артты. Сүйремеген жер қалмады. Өйтеуір көрмегенді көріп, ол бейнеттен де құтылды. Сосын Лепсіге қайта оралды.

1946 жылы тоғызыншы қараша күні елу сегіз жасында өмірден өтті. Бар болғаны бір жетідей ауырды. Қос өкпесіне қатты суық тиген еді. Адамның ала жібін аттамаған, момын, ақыл десе ақылы бар, өмірден жазықсыз жапа шеккен қайран әкем осылай мәңгілікке көз жұмды. Оның маңдайына жазылған пешенесі осындай болып-ты.

1 наурыз
Алғыс айту күні

Дәрігерлерге

алғыс айталың

Қоғамның байлығы – адам. Сондықтан науқастанған адам ауырса болды жанына шипа іздеп, алдымен дәрігерлерге жүгінетіндігі заңдылық. Міне, осындай оқыс жағдай біздің отбасымыздан да бей-жай өтіп кетпеді.

1 – наурыз «Алғыс айту» күні қарсаңында Лепсі ауылдық ауруханасының бас дәрігері Жанар Манаповна, дәрігер Шынар Тоқтасыновна, Ербол Қайратович, Сағат Каленовна жедел жәрдем фельдшері Гүлдана, медбикелер Айгүл, Дария, Жазира, Мадиналарға, сондай-ақ барша аурухана қызметкерлері, жедел жәрдем қызметкерлері мен шопырларына отбасымыздың атынан алғыс айтқым келеді.

Жиырма алтыншы желтоқтанда жолдасым қатты науқастанып қалғанда жедел жәрдем фельдшері Гүлдана келіп бірінші көмек көрсетіп емханаға жеткізді. Бас дәрігер Жанар Мусина бастаған дәрігерлер түнімен көз ілмей, жолдасымды ажалдан алып қалды. Содан бері екі екі айдың шамасында жолдасымды бақылауда ұстап көмектерін аямай, бақылауда ұстап отыр.

Адам жанының арашасы болып жүрген жоғарыда аталған ақ халатты абзал жандарға ризашылығымызды білдіре отырып, алдағы уақытта да өздерінің қабылдаған анттарына адалдық танытып, алдарына барған адамдардың алғысына бөлене берудіңізге тілектеспін.

Назгүл ДАНИЯРОВА,
Лепсі ауылының тұрғыны.

Алғыс айтам бәріне

Жанымда қолдап мені жүргендерге,
Білім менен тәрбие бергендерге.
Алғыс айтам ата-ана, ұстаздарға,
Айқара ашып жаным мен

іргемді елге.

Қиын күнде жанымнан қалмағандар,
Жарыста шабыт беріп қолдағандар.
Жалын болып лаулаймын күні ертең,
Өзірше шашу жырым аз ғанамды ал.
Өлеңмен жаным менің шуақталған,
Ел-жұрттың сенімінен қуат алғам.
Аталды бүгінгі күн "Алғыс айту",
Жеңуге құлшынамын сынақты алдан.

Аяла БАҚЫТНҰР,
Ақын Сара атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы.

АРХИВ – ТАРИХТЫҢ АДТЫН ҚАЗЫНАСЫ

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сарқан филиалына – 35 жыл

Сарқан аудандық халық депутаттар Советі атқару комитетінің 13 желтоқсан 1989 жылы №24-97 шешімімен Сарқан аудандық әкімшілігінің жеке құрам бойынша шаруашылық есептегі (хозрасчет) Сарқан архиві болып құрылды.

Талдықорған облыстық әкімшілігінің №1-140-р 24.08.1994 жылғы өкімімен Талдықорған облыстық құжаттама басқармасының жеке құрам бойынша Сарқан архиві болып атауы өзгерді.

1999 жылдан бастап «Алматы облысы мемлекеттік архиві» ММ Сарқан филиалы болды.

Филиал қызметкерлерінің штат саны 1990-2023 жылдар аралығында құрамы сан рет өзгеріске ұшырады.

«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 06.01.2014 жылғы № 06-б бұйрығының негізінде коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сарқан филиалы құрылды.

2022 жылы «Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сарқан филиалы болды.

Филиалды басқарған директорлар:

1.1990-1993 жылдар Подгорная Мария Васильевна.

2. 1993 жылдан бүгінгі таңға дейін директор – Карипова Маржан Имангельдиновна.

Филиал қызметінде «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңын сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Филиал қызметінің мәні заңмен белгіленген тәртіпте ұлттық құндылық ретінде танылған, Жетісу

облысының Сарқан ауданында орналасқан және архивтік жинақтау көздеріне жататын мекемелердің, ұйымдардың, барлық меншік түрлеріндегі кәсіпорындардың іс-әрекетінде қалыптасқан айрықша тарихи, ғылыми, әлеуметтік және мәдени маңызы бар құжаттарды сақтау мен пайдалану болып табылады.

Филиал қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры толықтыру, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар кешенін жүргізу болып табылады.

Филиал мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) ҚР Ұлттық архив қоры құжаттарын және басқа архивтік құжаттарды белгіленген тәртіпте сақтауға алу, іріктеу және қабылдау;

2) Филиалға архивтік құжаттарды жинақтау;

3) Филиалда сақтауда жатқан құжаттардың;

4) Сақтауға алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Сақтауда жатқан құжаттардың іс жүзінде пайдалануын ұйымдастыру;

6) Филиалға мемлекеттік сақтауға қабылданған құжаттардың негізінде жеке және заңды тұлғалардан түскен әлеуметтік-құқықтық, тақырыптық сұраныстарды орындау;

7) Белгіленген тәртіпте құжаттардың көшірмелері мен архивтік анықтамалар беру;

8) Құжаттарды сақтаудың оңтайлы жағдайын жасау олардың физикалық сақталуын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізу, филиал ережесінің негізінде басқа да жұмыс түрлерін атқару;

9) Белгіленген тәртіпте сақтауға түскен құжаттардың құндылығына сараптау жүргізу.

Сонымен қатар құжаттардың дұрыс сақталуы үшін, құжаттар арнайы қоймада, күн сәулесінен қорғалып, шаңнан тазартылып, қораптарға салынып түптеледі, құжат сақтау қоймаларының температуралық - ылғалдылығы күнделікті қадағаланып, журналға жазылып тұрады.

Филиалдың жинақтау көздері-мемлекеттік іс жүргізушілік архивтік және сараптамалық қызметіне көмек көрсету.

Бүгінгі таңда филиалдың толықтыру көздеріне енгізілген аудан бойынша 29 мекеме, ұйымдар бар. Сарқан филиалында аудан аумағындағы мемлекеттік және мемлекеттік емес мекеме, ұйым, кәсіпорындардың сондай-ақ 1997ж. Бөрлітөбе ауданының қысқаруына байланысты, сол ауданға қарасты болған мекеме-ұйымдардың құжаттары мемлекеттік сақталуға қабылданған.

Алыс-жақын шетелден және басқа жақтардан келіп түскен әлеуметтік-құқықтық сипаттағы жеке және заңды тұлғалардың сұраныстарының орындалу нәтижесі бойынша жауаптары 90 пайыз оңды көрсеткіш көрсетілуде. Жылына мыңнан астам әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұрау-салы орындалады.

2024 жылдың 1 қаңтарына арналған мәліметке сәйкес филиалда 231 қор, 50019 сақтау бірліктері сақталуда.

**М.КАРИПОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сарқан филиалының директоры.**

Той әлегі

Той жасады бір досым дүркіретіп,
Көрейін сол тойды мен әңгіме етіп.
Ақылдасты менімен той алдында,
Не керек екендігін сызып,теріп.
Байқаймын қалғысы жоқ өзгелерден,
Тойларын айтып жатыр

барып көрген.

"Солардан кеммін бе?"-деп қояды,
Ал қолында азын-аулақ тиын-тебен.
-Досым-ау,мына пұлың жетпейді ғой!
-Ештеңе етпес,несие аламын ғой!
Деп қояды:"-Той құдайдың қазынасы,
Тойға келген қонақтардан

қайтады ғой!"

Тізіп апты той жабдығын қағазына,
Бар жиғанын арнамақ баласына.
"Құр бекерге шашылмашы!"

-демек едім,

Еш ақылды сыйғызбай тұр санасына
Алды барып құдалыққа кит-қыбырды,
Ерекше етіп жасамақ тойбастарды.
Қымбат көйлек алынады қалыңдыққа,

Қыдыруға жалдады лимузинді.
Шақырды ол атақты әншілерді,
Шақырды мың бұралған бишілерді.
Қымбаттық мейрамхана

жалға алынып,

Елден қалмай ерекше бір той өткізді.
Даңғаза әуен кетті у-шу болып,
Жас, кәрісі билеп жүр иық жұлқып.
Бата берген қариямыз қолын жайып,
"Алып қойыңдар!"-деп қалды

күлкі болып.

Сол тойда отырдым қонақ болып,
Дастарқан тұр майысып асқа толып.
Досым менің қалыспапты өзгелерден,
Асаба жүр қылжақ сөйлеп,

ойын қойып.

Арақ-шарап есепсіз суша ағылды,

Небір сусын құйылып, ет тартылды.
Дастарқанға қойылған ас мәзірі,
Жеке-жеке дорбаларға тоғытылды.
"Ал енді не айтамын?"

-деп бастап тілектерін,

Содан соң таныстырып кім екенін.
Топ-топ болып қонақтар сөз сөйледі,
Бір-бірінің қайталап тілек сөзін.
Кетті әншілер қалтаға сап есептерін,
Асаба да жібермеді өз кезегін,
Небір топтар ақылы шоу көрсетіп,
Алып жатты жас отаудың несібесін.
Осылайша досымның тойы өтті,
Екі күн айтылды да ұмыт болды,
Ал несие мойынға іліп алған,
Ұмыттырмай ай сайын келіп тұрды.
Тойдан кейін өкпе қалды, сын қалды,

Қайсыбірі риза болып тарқады.

"Той құдайдың қазынасы,
өзін-өзі ақтайды!"

Деген үміт, ақталмады, алдады.
Ал ағайын! Қазағым,бір ойланшы,
Керек пе еді осы әрекет алдамшы.
Ысырап, дарақылық, жалған намыс,
Жас отауды несиенің қазығына

байлады.

Баспана жоқ, не тұрақты жұмыс жоқ,
Төлеп жатыр несиені жанұя боп.
Бар ойлары қарыздан тез құтылу,
Нәрестелі болу да жоспарда жоқ.
Осындай жәйт кетті қазір көбейіп,
Ақылға кеп ойланып бір көрейік.
Жалған намыс, бос атаққа

бой ұрмай,

Көрепеге қарай көсіліп бір көрейік!

Ұлжан НҰРҒАЛЫМҚЫЗЫ.

Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл

Өтер жылдар,
айлар тағы алыстап,
Тағдыр талай тауқыметін
табыстар.
Өздеріңді жырлап өтер

ұрпағың,
Ауғандағы азап шеккен арыстар
- деп ақын ағаларымыз жырла-
ғандай, өмір тоқтамайды, ерлік
өлмейді, замандарға жалғаса береді.
Бұған дәлел бүгінгі ортамызда
жүрген ауғандық жауынгерлеріміз.
Осы ержүрек батырларымыз-
ды дәріптеу мақсатында Мұқан
Төлебаевтың мемориалды музейі
16 ақпан күні Кеңес әскерлерінің
Ауғанстаннан шығарылғанына
35 жыл толуына орай «Ауғанның
отты жалыны» атты тақырыпта
танымдық шара өткізді.



Ауғанның отты жалыны

Шараның мақсаты оқушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, ардагер ағалармен ашық әңгімелесу, сұхбаттасу және Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Шараға Ауған соғысының ардагерлері Смаков Роман, Фарафонов Валера, Егізбаев Дәурен ағаларымыз шақырылды. Лепсі ауылдық әкімшілігінің қызметкерлері, қоғамдық кеңес мүшесі Қалыбаев Тимур, мәдениет үйінің қызметкерлері, кітапхана қызметкерлері, Ушинский атындағы орта мектебінің 10, 11

сынып оқушылары келіп қатысты. Шарамызды Лепсі ауылынан Ауған соғысына қатысып қаза болған Байтілеуов Сәкен Сабыржанұлы, Ермекбаев Төлеубек Төкенұлы сынды боздақтарымызды еске алу минутымен басталды. Ауған соғысының тарихы айтылып, бейнежазба арқылы көрсетілді, ардагерлер өздерінің бастан кешкен оқиғаларын айтып оқушылармен бөлісті, мәдениет үйінің қызметкерлері патриоттық рухтағы әндер орындады және Лепсі ауылдық округі «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы филиалының оқытушысы Айтова Мадинаның орындауында «Жауынгер

хаты» атты өлеңді мәнерлеп оқылды.

«Ерлік — жан дүниенің ұлы қасиеті» деген екен бір дана қария. Өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, тағдырдың жазуымен елге аман — сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангер ағаларымызбен кездесіп, бүгінгідей сұхбат жүргізіп, естеліктерін тыңдау — біз үшін бір ғанибет.

Ә.ЖҰМАБЕК,
Мұқан Төлебаевтың мемориалды
музейінің экскурсия жүргізушісі.

Қыс қызығы



А. ДӘУІРБЕКҚЫЗЫ,
М.Жұмабаев атындағы орта
мектебінің 4 «Б» сынып оқушысы.

Ақ көрпесін Жер ана жамылғанда,
Ағаштар күміс моншақ тағынғанда.
Бетті қарып жатса да ызғырығы,
Жанға рахат сыйлайды қыс қызығы.

Қардан жасап аққала, салып өрнек,
Жарысамыз шаңғы мен шана сүйреп.
Аязды да елемей, суықты да,
Жетелейміз бауырды қолдан сүйреп.

Ентігіп, зорға жетіп қыр басына,
Төмен қарай сырғимыз қуаласа.
Зулап келіп, гүп етеміз етектегі,
Омбы қардың үйілген ортасына.

Ақ қарды айғыздаймыз, салып өрнек,
Шуласып шұрқыраймыз есе бермей.
Тұрса да бетті қарып аязды күн,
Ауыспаймыз алтынға қыс қызығын.

Ұлы ұстаз

Көзінде жарық нұр, сана қараңғы,
Мектепке алғаш бала барады.
Дайындап жарық білім бесігін,
Бір ұлы тұлға қарсы алады.
Жүзі мейірлі, жүрегі жұмсақ,
Балалар үшін бағдаршамға ұқсап.

Үйретіп өріп, санды да жазады,
Ойнатып ойын, сурет те салады.
Жып-жылы жүзі, мейірлі сөзі,
Анама менің ұқсап қалады.

Тәрбие беріп тәртіпке салады,
Жақсылықтарға жетелеп баланы.
Қара мен ақты айырып анық,
Жақсылықтың жаршысы болады.

Селт етіп сонда қараңғы сана,
Көздегі нұрым оттай жанады.
Шөлдесем маған бұлақ болады,
Жаураса жаным жылу алады.

Білім деген шексіз теңіз,
Жалықпа, еркін жүзем десеңіз,
Жағаға келген тамшыдай ғана,
Жүзіп барады манағы бала.
Ұшқыш, дәрігер, генерал, ғалым да,
Бала боп келген сенің алдына.

Мен үшін асқар тау әкем, анам да,
Арғысы тіпті ата-бабам да,
Сізден білім, тәлім алыпты,
Теңемеймін саған ешбір алыпты.
Алланың сыйы күндей жарық нұр,
Бас ием ұстаз ұлы, даңқты.



Әлем нақты ғылымдар тілінде



Бүгінгі ғылым мен техниканың қарқынды дамып, еліміздің экономикасы өсіп, үкімет үдемелі индустрияландырудың керемет жобаларын жүзеге асырып отырған кезеңде оқушылардың математика мен физика пәндерінен біліміне, компьютерлік сауаттылық деңгейіне қойылатын талап та жоғары. Болашақта білімді ұрпақ керек, ал білім кілті — барлық нақты ғылымдардың негізін меңгеруде. Себебі математикалық білімі мықты, компьютерлік сауаттылығы жоғары әрі ойлау қабілеті дамыған бала ғана ғылым мен техника тілін табысты меңгере алады. Әр баланың жеке бір ғылымға деген қабілетін ескере отырып оқыту, оны дамытудың барлық мәселелерін шешетін дайын әрі керемет әдістеме болуы мүмкін емес. Оқушылардың бойында білімге деген қажеттілікті сезіну, білім алу үшін өз бетінше іздену, жаңашылдыққа ұмтылу қасиеттерін тәрбиелеу-сабақта ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда да жүзеге асырылуы керек.

Осындай жұмыстың маңызды бір бағыты- пәндік апталық болып саналады. Ақпан айының 05–16 күндер аралығында мектепте математика, информатика және физика пәндер

апталығы өткізілді. Апталықтың жоспары әдістемелік бірлестігінің отырысында қаралып талданды және бекітілді.

Апталықтың мақсаты математика, информатика және физика сабақтарында және сабақтан тыс іс-шараларда оқытудың заманауи тәсілдерін қолдана отырып оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттыру, ой-өрісі мен таным белсенділіктерін жан-жақты жетілдіру.

Апталық барысында мұғалімдер ұйымдастырған ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, көңілді қоңыраулар заман талабына сай өтті.

Бірлестіктің апталық жоспарымен таныстыру мақсатында алғашқы күні оқушылар жиыны өткізілді, онда апталықтың салтанатты ашылуы өтті.

Апта ағымында келесі ашық сабақтар берілді: Нурсапаева Р.Г. — алгебра пәнінен «Тригонометрия формулалары» 9 «А» сыныбында, Сембаева Ж.К. — математика пәнінен «Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру» 7 «А» сыныбында, Бериккалева А.Б. — информатика пәнінен «Сұрыптау» 9 «Б» сыныбында, Абдрахманова А.Е. — математика пәнінен «Ондық бөлшектерді қосу және азайту» 5 «Б» сыныбында, Бақдәулет К. — физика пәнінен «Механикалық жұмыс. Қуат» 7 «Б» сыныбымен.

Сонымен қатар сыныптан тыс мынадай іс-шаралар өткізілді. Нурсапаева Р.Г. 8 «А» және 8 «Б» сыныптар арасында «Математикалық футбол» интеллектуалды ойыны, Сембаева Ж.К. — 6 «А» сыныпта «Математика өлемінде» жарыс сабақ, 8- 10 сыныптарда «Ғажайып физика», Бақдәулет К. жарыс сабақ, Абдрахманова А. 5 «А» және 5 «Б» сыныптар арасында «Қызықты математика» атты кешін өткізді. Іс-шаралар танымдық-дамыту қалыпта өткізілді, мұғалімдер оқушылардың оқу мүмкіндіктерін ескеретін, логика мен зеректілікке арналған тапсырмаларды пайдаланды, ал оқушылар әр түрлі пәндерден өз білім дәрежелерін, тапқырлықтарын көрсетіп, қосымша да білім алды.

Соңғы күні апталықтың қорытындысы өткізілді. Сайыстардың жеңімпаздары арнайы грамоталармен марапатталды. Қорыта келе айтарым, ұстаз — жас ұрпақтың рухани сәулестері және қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Ұстаз — әрі ғалым, әрі шешен, әрі көшбасшы бола білсе ғана алдында отырған шәкірті білімді, болашақта ел тұтқасын берік ұстар азамат болады.

А.БЕРИККАЛИЕВА,
Ы.Алтынсарин атындағы орта
мектебінің информатика пәнінің
мұғалімі.

Спорт

Дана халқымыз қай кезеңде бол-масын бала тәрбиесіне айрықша мән берген. Өйткені елдің болашағы бала тәрбиесімен тікелей байланысты әрі өте маңызды екенін түсіне отыра, балаға жан-жақты, рухани, ұлттық тәрбие беруге тырысқан. Жалпы, жас бала жас шыбық секілді, қалай исең солай майысады, қалай айтсаң солай көнеді. Сондықтан жас кезінде айтылған ақыл, берілген білім мен тәрбиенің маңызы зор болмақ. Осы орайда жас буынды ойна-тып қана қоймай, бойына ұқыптылық, адамгершілік, татулық, намысшылдық, ептілік, шапшаңдық және т.б. секілді адами қасиеттерді сіңіретін негізгі құрал ол – ұлттық ойындар деуге толық негіз бар. Сонау ерте замандардан бері талай батырларымыз, ақын-жырауларымыз, бозбала-бойжеткендеріміз сол ойындарымызды ойнап, халық даналығынан рухани нәр алып келді емес пе?!

«Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы» кітабында қазақтың ұлттық ойындары туралы былай деп жазылған екен: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған», — дейді. Осы орайда сан ғасырлар қазақ ұлтымен бірге жасасып келе жатқан ұлттық ойындарды айта кетсек. Өйткені қазіргі буын бұлардың біразын білмейтіні рас. Олардың айгөлек, ақсерек-көксерек, ақсүйек, алтыбақан, арқан аттау, арқан тартпақ, асық, аттамақ, әйкел, әуетаяқ, белбеу соқ, белбеу тартыс, епті жігіт, қыз қуу, күміс ілу, тепе-теңдік, тобық, тұтқын

Ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың маңызы

алу, шалма, соқыр теке, сақина жасыру, сиқырлы таяқ, түйілген орамал, бес асық, сұрақ-жауап, жасырынбақ, орын тап, тақия тастау, ұшты-ұшты, т.б. түрлері өте көп.

Балалар пайдасынан зияны көбірек тиетін қазіргі ойыншықтармен, әсіресе ұялы телефонмен ойнағаннан гөрі, оларға адами қасиеттерді үйрететін осынау ойындарды үйретуден ұтарымыз өте көп. Сондай-ақ балалар ұлттық ойындар арқылы ата-бабаларымыздың тұрмыс-салтынан, болмыс-бітімінен да хабардар болады, сәби саналарына сіңіріп өседі.

Ұлттық деген сөзден шығады. Жуырда Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев Ұлттық киімдерімізді ұлықтау мақсатында республикалық деңгейде «Ұлттық киім» күнін бекіту қажеттігін айтты. «Ұлттық киім – ұлтымыздың ұлылығын ұлықтайтын, ұлттық кодымызды білдіретін айшықты көрсеткіш. Ұлттық киімдеріміздің мол мұрасымен мақтана алатындай елміз», — деді депутат. Оның атап өтуінше, алдағы уақытта ұлттық нақыштағы киім кию дәстүрін тек Наурызбен, акциялармен ғана шектемей, оны трендке айналдыру қажет.

Міне, көптеген ғасырлар бойы сақталып жеткен ұлттық киімдер сынды ұлттық ойындарда ұлтымыздың тыныс-тіршілігі, мінез-құлқы, тәлім-тәрбиесі тұнып тұрғандығын ескере отырып, әрбір



пән сабақтарында ойын элементтерін ұтымды қолдансақ, ұрпақ бойында елжандылықты сақтап қалуға болады. Ұлттық ойын түрлеріне көз жүгіртсек, онда даналық пен тапқырлықтың, әдептілік пен мейірімнің, достық пен кішіпейілділіктің, әділдік пен ақылдылықтың, имандылық пен ізденімпаздықтың, батылдық пен сабырдың іздері жатыр. Ұлттық ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тақырыптарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға,

шапшаңдыққа, төзімділікке, ең бастысы ұлтжандылыққа, отаншылдыққа дағдыландырады. Сонымен қатар, ұлттық қайнар бұлағымыз - салт-дәстүрді қадірлей білуге, адамгершілікке, ізгілікке, ұлттық тәлім – тәрбие беруге тәрбиелейді. Міне, ұлттық ойындардың осындай ұтымды тұстары өте көп.

Лязат ЕЛУБАЕВА,
Абай атындағы мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі.



Тоғызқұмалақтан мықтылар анықталды

Қазақ халқының ежелгі ұлттық спортының бірі – тоғызқұмалақ ұлттық интеллектуалдық ойын саналады. Бәсеке арнайы тақтада екі адам арасында өтеді. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған 81 құмалақ тиесілі.

Жуырда тоғызқұмалақтан оқушылар арасында қала біріншілігі өтіп, оған 5 команда қатысты. Жарыс қорытындысы негізінде жүлделі I орынды №1 мектеп-гимназия, II орынды Екіаша орта мектебі, III орынды Н.Островский атындағы мектеп-лицей жеңіп алды.

Рустем МУСАПІРОВ,
Сарқан қаласының спорт нұсқаушысы.

Салауатты өмір салтын қолдаймыз

Ағымдағы жылдың 16 ақпан күні Черкасск ауылдық округінде мемлекеттік қызметкерлер арасында волейболдан ауыл біріншілігі ұйымдастырылған болатын. Іс-шараның негізгі мақсаты салауатты өмір салтын насихаттау және мемлекеттік қызметшілерді жүйелі түрде спортпен айналысуға тарту.

Жарысқа мемлекеттік қызметкерден құралған 5 құрама командасы қатысты. Жарыс нәтижесі бойынша жүлделі I орынды М. Тынышбаев атындағы орта мектеп жеңіп алды. Ал II орынды Ақтұма орта мектебінің, III орынды Черкасск дәрігерлік амбулаторияның ұжымдары иеленді.



Үздік қорғаушы Қарлығаш Крамова, үздік шабуылдаушы Рүстем Кахарман, үздік байланыстырушы Ринат Серіжан арнайы номинацияларға ие болды. Жарысқа белсене қатысқан командаларға алғыс білдіреміз!

Мадияр БАЙЗАКОВ,
Черкасск ауылдық округінің спорт нұсқаушысы.

Құстар — жылықанды омыртқалы жануарлар. Олардың қауырсындары жылуды сақтауға және ұшуға көмектеседі. Олар артқы екі аяқтарымен жүреді, ал алдыңғы аяқ-қолдары қанаттарға айналған. Құстардың барлығы жұмыртқа салады. Құстардың денелері жеңіл болғанымен, мықты және ұшуға ыңғайлы болады. Дегенмен ұшпайтын құстар да кездеседі. Жалпы, бүкіл дүние жүзінде құстардың 9 мыңдай түрі тіршілік етеді екен. Біздің өліміз де құстарға өте бай.

Қазақстанда құстардың 500-ге жуық түрі бар. Олардың күз айларындағы саны шамамен 18-20 миллионға дейін жетеді. Бұл – үлкен байлық. Сондықтан да біз оларды қорғап, қамқор болып, өсімін молайта білуіміз керек. Құстар орман, жер зиянкестерімен қоректеніп,

Құстарға да қамқорлық қажет

ауыл шаруашылығына орасан зор пайдасын тигізеді. Ал құстардың эстетикалық мәні өз алдына бір төбе. Талай сазгерлер құстардың үнін әуенге қосса, талай ақындар құстар туралы тамаша жырлар жазған.

Құстар — омыртқалы жануарлардың ішінде Жер шарында кеңінен таралған жануарлар. Құстардың адамдардың түрлі шаруашылық жұмыстарына пайда келтіретін тұстары өте көп. Биолог мамандардың айтуына қарағанда, бір қарлығаш бүкіл жаз бойы 1 миллион құрт жейді екен. Қараторғайлардың бір тобы бүкіл балапандарымен 22 тонна шегірткені азық етеді. Ал шегіртке -

адамға зиян шектіретін қас жауымыз. Өйткені мал жейтін көк шөбімізді, жасыл өсімдіктерімізді, жайқалып тұрған бау-бақша, егінімізді отап көп зиян келтіреді. Ал біздің қанатты достарымыз осындай зиянкестерді көп мөлшерде құртып, өлшеусіз пайдасын тигізеді.

«Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи парк аумағында да құстардың көптеген түрі таралған. Солардың ішінде ұя салатын отырықшы құстар да, көшіп қонушы құстар да молынан кездеседі. Ұлттық парк аумағын мекен ететін құстарға қамқорлық жасау қашанда біздің назарымызда. Өйткені құстарға қамқорлық – табиғатымызға қамқорлық

деуге болады. Қорыта келе айтарымыз қоршаған ортамыздың қорғаушысы, көріктісі болған құстар әрқашанда адамның назарында болатыны анық. Құстар табиғатқа сән береді, пайда келтіреді, өзіннің әсем әуендерімен айналынып, адамның да көңіл күйіне әсер етеді. Сондықтан құстарды қорғау, қамқор болу – біздердің басты парызымыз деп білемін.

Ч.КАИРБЕКОВ,
Сарқан филиалының Тополевка орманшылығының №46 айналымының мемлекеттік инспекторы.

Өткен жылдың жаңа әндері

Жуырда Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында жетісулық ақын-композиторлардың «Өткен жылдың жаңа әндері» атты кеші өтті. Жетісу облысы әкімдігі, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен өткізілген ән кешінде бірқатар жаңа өнер туындыларының қатарында ҚР Мәдениет саласының үздігі Гүлбану Лахаеваның орындауындағы Жомарт Игіманның сөзіне жазылған Өмірсерік Араповтың «Көктемім, сені аңсадым» әні көрермендер ықыласына бөленді.

Кеш қорытындысында ақын мен композиторға мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының Алғыс хаты мен естелік сыйлығы табыс етілді.

Өз тілшіміз.



«ҮЗДІК АС МӘЗІРІ» облыстық байқауы

Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен 2024 жылғы 20 ақпан- 11 наурыз аралығында мемлекеттік тілдегі «Үздік ас мәзірі» атты облыстық байқау жарияланады.

Байқауға қоғамдық тамақтану орындарының иелері қатыса алады. Байқаудың мақсаты тілдік кемсітушілікті болдырмау, мемлекеттік тілдің қолданылуын көпшілік ортада насихаттау, мемлекеттік тілде қызмет көрсетіп жүрген дәмхана иелерін ынталандыру болып табылады.

Байқауға қатысу тәртібі:

Байқауға аудан, қалаларда іріктеуден өткен, қоғамдық тамақтану орындарының иелері қатысады.

Қатысушылардың жас ерекшеліктеріне шектеу қойылмайды.

Байқау 2 кезеңнен тұрады. 1) бірінші кезең – аудан, қалаларда наурыз айының бірінші онкүндігінде өткізіледі; 2) екінші кезең – облыста наурыз айының екінші онкүндігінде өтеді (нақты күні, уақыты қосымша хабарланады);

Байқау мынадай тапсырмалардан тұрады:

I. Ас мәзірінің мемлекеттік тілде жазылуы (қағаз нұсқадағы ас мәзірін портфолио түрінде өткізу қажет);

II. Тұтынушылармен 1 минуттық сұхбат құру (бейнежазбаға түсіру).

Басқармаға келіп түскен өтінімдер бойынша іріктеліп, қазылар алқасы жүлдегерлерді анықтайды. (2023 жылғы жүлделі орынға ие болған дәмхана иелері қатыса алмайды)

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер басқарманың арнайы дипломдары мен ақшалай сыйлықтарына ие болады. Маралаттау рәсімі Талдықорған қаласында өтеді.

Байқауға өтінім беру үшін «Сарқан ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ 8 727 392-18-82 номеріне хабарласыңыз.

Есен туған күн, мерекелермен!

Сарқан аудандық қазынашылық басқармасында 30 жыл тұрақты жұмыс жасап, өз ісімен Сарқан ауданына қалтқысыз 40 жылдан аса қызмет етіп келе жатқан білікті маман, мықты басшы, асыл жар, ардақты ана **Орынова Ғалия Төлеуғалиқызын** 2 наурыз күні асқаралы жас - 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз! Өміріңіз көктемдей жайма шуақты, деніңіз сау, қуатты, келер ырыстың ысырап болмауын, тәңірдің шексіз қолдауын тілейміз! Ашық көңіліңіздің аспанына бұлт төнбесін, жаныңыз еш жаманшылық көрмесін! Мерейтойыңыз мәртебеңізді өсіріп, абыройыңызды асқақтасын! Отбасыңызда бақытты ғұмыр кешіп, аман-есен жүріңізші арамызда!

Ізгі ниетпен: Сарқан аудандық қазынашылық басқармасының ұжымы.

Қадірменді Ғалия Төлеуғалиқызы! Мерейжасыңыз құтты болсын!

Әрбір күнің сыйласымнан басталған, Мағыналы ғұмыр кешу басты арман. Кім білмейді бір өзіңді ауданда, Қазынашылық басқармасын басқарған.

Жолы болар елге нұрын шашқанның, Беделдісің арасында достардың. Айналаңның алғысына бөленген, Біздер үшін бір өзіңнен асқан кім.

Әдемі есім еншіледің расында, Бар жақсылық бір өзіңнің басыңда. Ақыл, білім, мінезбенен айналдың, Аяулы жар, ардақты ана, асылға.

Болдың-толдың, бірақ асып-таспадың, Шәкірттер бар, қызметіңе қосқаның.



Алдында сан асуларды бағындыр, Кір шалмасын көңіліңнің аспаның!

Ізгі тілекпен: аудандық «Сарқан» газетінің ұжымы.

Выезд в регионы

РЕМОНТ Холодильников, Морозильников.

С выездом на дом

ОБРАЩАТЬСЯ СОТ. 87714608727.

ХАБАРЛАНДЫРУ

•«Сем-Тал» ЖШС-нің атына тіркелген 24-263-034-187, 24-263-034-186, 24-263-034-188, 24-263-034-189, 24-263-034-190, 24-263-034-191, 24-263-034-192 нөмірлі мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер, аудан әкімінің 26.12.2013 ж. № 421 қаулысы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

•Кунуспеков Канат Рамазановичтің атына тіркелген Қойлық ауылы, Абай көшесі № 36 үйдің 0,1500 га көлемді жерінің мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



Электронды мемлекеттік қызмет көрсету – заман талабы

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтерге электронды түрде қол жеткізудің мақтаншыпен айтатындай артықшылықтары бар. Ең басты ерекшеліктерінің бірі – уақыттың үнемделуі. Egov.kz порталының мүмкіндіктерін пайдалану үшін үйден және жұмыс орнынан арнайы сұранудың мүлдем қажеті жоқ.

Бір кездері ертегідей көрінген дүниелерді «Электрондық үкімет

порталы» қазір шындыққа айналдырғаны жасырын емес. Белгілі бір қызметті алу үшін кететін уақытымызды барынша азайтқанын мойындауымыз керек. Азаматтардың үйден шықпай-ақ өзіне қажетті қызметті алуы үшін бар жағдайды жасап, жан – жақты мүмкіндіктерді қарастырып қойған. Оған мысал, қазір мемлекеттік қызмет пен сервистерді бірнеше жолмен алуға болады. Олар: Egov.kz – порталы, Facebook және ВКонтакте әлеуметтік желілерінің месенджерлері (кәдімгі адаммен жеке хат алмасудай), @EgovKzBot2 – Telegram бот, eGovMobile, Kaspi.kz, Naluk банктің қосымшалары арқылы көптеген қызмет түрлерін алуға бола-

ды. Қазіргі жағдайда үйден шықпай керекті қызметтіңді алу өте маңызды. Электрондық үкіметтің арқасында мемлекеттік қызмет күніне 24 сағат, аптасына 7 күн қолжетімді болып тұр. Қазір жалпы мемлекеттік қызметтің 80 пайызы онлайн түрде қолжетімді. Egov.kz – порталына кірсеңіз «Азаматтарға», «Бизнеске», «Мемлекеттік органдар бойынша қызметтер» деп жік-жікке бөлініп, анық көрініп тұрады. Электрондық цифрлық қолтаңбаңызды қолданып қандай қызмет керек соны ала бересіз.

Жоғары аталған ерекшеліктерді халыққа жеткізу мақсатында осы жылдың 24-ші ақпан күні Амангелді

ауылдық округіндегі халық көп шоғырланатын нүктелерде «Егов жаршысы» - атты акция өткізілді. Акцияның басты мақсаты мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды түрде үй жағдайында алуды түсіндіру, сондай-ақ egov.kz – порталы және тағы басқа қосымшалар арқылы қызмет алу жолдарын түсіндіру, eGovMobile қосымшасы арқылы ұялы телефон арқылы алынатын анықтамалар мен қызметтердің түрлерін халыққа түсіндіру, мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру.

Д.РАИМБЕКОВА,
«Амангелді» БПҰ мүшесі,
Амангелді ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

<p>SARQAN</p> <p>Құрылтайшысы: "Сарқан газеті" ЖШС директоры ИГИМАН Жомарт Мақатұлы</p> <p>Бас редактор: ЖЕҢІСХАН Партия</p>	<p>Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>			
	<p>Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы: 041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117 Телефон: 2-20-47, 2-23-53 e-mail: lgiman01@mail.ru</p>	<p>Таралымы: 3012 Осы шығарылымның таралымы: 3012 Газет индексі: 35202,15202 Офсеттік басылым 1 баспа табақ Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.</p>	<p>Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.</p> <p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.</p>
<p>Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.</p>				